

**"Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтарды дамыту бағдарламаларын, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын әзірлеу, іске асыру, мониторинг, бағалау және бақылау жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 1 қыркүйектегі N 1294 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтарды дамыту бағдарламаларын, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын әзірлеу, іске асыру, мониторинг, бағалау және бақылау жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*К. Мәсімов*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтарды дамыту бағдарламаларын, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын әзірлеу, іске асыру, мониторинг, бағалау және бақылау жүргізу ережелерін бекіту туралы**

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 827 Жарлығының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 827 Жарлығына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

**3 - т а р м а қ т а :**

1) тармақша "Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын," деген сөздерден кейін "Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын," деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы ", салалық бағдарламалардың" деген сөздер алып тасталсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінде:

6-тармақтың бірінші абзацындағы "нормативтік құқықтық актілерді" деген сөздер "заң жобаларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақтағы "Болжамды схема" деген сөздер "Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

15-тармақтағы "аумақтық-кеңістік дамуының болжамдық схемасын" деген сөздер "аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын және оны әзірлеу тәртібін" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақтың мемлекеттік тілдегі мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Мемлекеттік бағдарламаларды тиісті мемлекеттік орган әзірлейді және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісіледі.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мониторингін әзірлеуші мемлекеттік орган, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуын бағалауды әзірлеуші мемлекеттік орган мен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүргізеді.

Іске асыру мониторингі және оны бағалау нәтижелері бойынша мемлекеттік бағдарлама түзетілуі мүмкін.";

27 - тармақта:

бірінші абзац "уәкілетті органның" деген сөздерден кейін ", салалық орталық мемлекеттік органдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац "уәкілетті органның" деген сөздерден кейін ", салалық атқарушы органдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

29-тармақтың екінші абзацындағы:

"уәкілетті органы" деген сөздер "уәкілетті органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(облыстық маңызы бар қаланың)" деген сөздерден кейін "және облыстың" деген сөздермен толықтырылсын;

38-тармақтың екінші абзацы алып тасталсын;

39-тармақтың екінші абзацы алып тасталсын;

40-тармақтың екінші абзацындағы "Жергілікті мемлекеттік органдардың" деген сөздер "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

43 - тармақта:

екінші абзац "акциялары" деген сөздің алдынан "тиісті орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары," деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзац "бағдарламалық құжаттарында" деген сөздерден кейін ", тиісті орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында" деген сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Салалық бағдарламаны және оны әзірлеу мен мониторингі тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

47-тармақтың бірінші абзацы "Әлеуметтік-экономикалық даму мен бюджет параметрлері болжамы мақұлдаған Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының" деген сөздер "Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттары, мақұлданған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтарды дамыту бағдарламаларын, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын әзірлеу, іске асыру, мониторинг, бағалау және бақылау жүргізу ережелері бекітілсін.

3. "Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу және іске асыру ережесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 2 маусымдағы N 1099 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 26, 240-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) осы Жарлықтан туындайтын заң жобасын әзірлесін және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізсін;

2) осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

5. Осы Жарлық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. Назарбаев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

" \_ \_ "

N

\_ \_ \_

Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтарды дамыту бағдарламаларын, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын әзірлеу, іске асыру, мониторинг, бағалау және бақылау жүргізу ережелері 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтарды дамыту бағдарламаларын, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын әзірлеу, іске асыру, мониторинг, бағалау және бақылау жүргізу ережелері (бұдан әрі - Ережелер) жоғарыда аталған құжаттарды әзірлеуге, іске асыруға, мониторинг, бағалау және бақылау жүргізуге бірыңғай және тұтас тәсілді қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) ағымдағы онжылдық кезең - 2001 жылғы 1 қаңтардан басталып, 2010 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең;

2) алдағы онжылдық кезең - 2011 жылғы 1 қаңтардан басталып, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең;

3) әзірлеу - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының пайымын талдау, модельдеу, қалыптастыру және басымдықтарын, нысаналы индикаторларын, стратегиялық мақсаттарын, міндеттерін және оларға қол жеткізу, ресурстық қамтамасыз ету жолдарын айқындау процесі;

4) бағдарламалық құжаттар - мемлекеттік бағдарламалар мен аумақтарды дамыту бағдарламалары;

5) бағалау - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының толықтығы, уақтылығы, нәтижелілігі дәрежесін және іске асыру тиімділігін айқындау;

6) бақылау - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары бойынша әзірлеу, іске асыру, мониторинг, бағалау, түзету, есептілік жөніндегі белгіленген талаптардың сақталуын тексеру;

7) есеп - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатын іске асыратын мемлекеттік органның құжатты іске асыру нәтижелерін, нысаналы индикаторлар мен стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу дәрежесін сипаттайтын ақпаратты;

8) жедел есептілік - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжатының есепті кезеңде өткізілген іс-шаралар, нысаналы индикаторлардың аралық мәніне қол жеткізу туралы деректерді қамтитын ақпарат;

9) мониторинг - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іске асырылу барысы туралы есептер мен басқа да ақпаратты жинау, жүйелендіру, талдау және қорыту;

10) нысаналы индикатор - мақсатқа қол жеткізуді өлшеуге мүмкіндік беретін оның сандық мәні;

11) стратегиялық құжаттар - жаһандық пайымды, елдің ұзақ мерзімді кезеңге арналған экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық-саяси дамуының мемлекеттік саясатының бас бағытын қалыптастыратын Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму

стратегиясы, Қазақстан Республикасының тиісті онжылдық кезеңге арналған стратегиялық даму жоспары және Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды с х е м а с ы ;

12) түзету - орындалу барысына жүргізілген, мониторинг, бағалау және бақылау нәтижесінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

13) іске асыру - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының берілген нысаналы индикаторларына, стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді жүзеге асыру процесі.

3. Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспары, Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасы, мемлекеттік бағдарламалар, аумақтарды дамыту бағдарламалары және мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары төмен тұрған деңгейдегі құжатты әзірлеу қажеттігі мен заңдылығы жоғары тұрған деңгейдегі құжаттардан туындайтын, ал жоғары тұрған деңгейдегі құжаттарды іске асыру мониторингі, бақылау және бағалау төмен тұрған деңгейдегі құжаттар негізінде жүзеге асырылатын тұтас жүйені білдіреді.

4. Стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын әзірлеуге және мониторинг жүргізуге әдіснамалық басшылық жасауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының іске асырылуына бағалау жүргізу жөніндегі әдіснамалық басшылық жасауды мұндай бағалау жүргізуге уәкілетті тиісті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

## **2. Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтарды дамыту бағдарламаларын, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын әзірлеу тәртібі**

### **2.1. Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарының, Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасының, мемлекеттік бағдарламалардың, аумақтарды дамыту бағдарламаларының мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының негізгі кезеңдері және әзірлеу мерзімі**

6. Ағымдағы Стратегиялық даму жоспарын іске асырудың тоғызыншы жылының 1 қыркүйегінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының алдағы онжылдық кезеңге арналған стратегиялық даму жоспарының жобасы белгіленген тәртіппен Қазақстан

Республикасының Үкіметіне және Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне қарауға беріледі және ағымдағы Стратегиялық даму жоспарын іске асырудың оныншы жылының 1 шілдесінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге беріледі.

7. Мемлекеттік бағдарламалардың, аумақтарды дамыту бағдарламаларының жобаларын әзірлеу Қазақстан Республикасының алдағы онжылдық кезеңге арналған стратегиялық даму жоспарының жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Президенті Әкімшілігінде қараудан кешіктірмей жүзеге асырылады.

8. Қазақстан Республикасының ағымдағы Стратегиялық даму жоспарын іске асырудың тоғызыншы жылының 1 қарашасына дейін Қазақстан Республикасының алдағы онжылдық кезеңге арналған стратегиялық даму жоспарының жобасы негізінде Мемлекеттік бағдарламалар тізбесі қалыптастырылады.

9. Ағымдағы Стратегиялық даму жоспарын іске асырудың оныншы жылының 1 қыркүйегіне дейін алдағы онжылдық кезеңге арналған Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасының жобасы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Президентінің Әкімшілігіне қарауға енгізіледі және ағымдағы Стратегиялық даму жоспарын іске асырудың оныншы жылының 1 қарашасынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге беріледі.

10. Мыналарды :

мүдделі орталық мемлекеттік органдармен және жергілікті атқарушы органдармен келісілген мемлекеттік бағдарламалардың жобаларын тиісті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының ағымдағы стратегиялық даму жоспарын іске асырудың оныншы жылының 1 сәуірінен кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға келісуге береді ;

мемлекеттік бағдарламалардың жобаларын Қазақстан Республикасының ағымдағы стратегиялық даму жоспарын іске асырудың оныншы жылының 1 қарашасынан кешіктірмей белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге б е р е д і .

11. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму бағдарламаларының жобалары :

Қазақстан Республикасының ағымдағы Стратегиялық даму жоспарын іске асырудың оныншы жылының 1 шілдесінен кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға және салалық орталық мемлекеттік органдарға келісуге б е р і л е д і ;

Қазақстан Республикасының ағымдағы Стратегиялық даму жоспарын іске асырудың оныншы жылының 1 қарашасынан кешіктірмей белгіленген тәртіппен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органына б е к і т у г е б е р і л е д і .

12. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму бағдарламаларының жобалары

:

Қазақстан Республикасының ағымдағы Стратегиялық даму жоспарын іске асырудың оныншы жылының 1 қыркүйегінен кешіктірлмей облыстың, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органына, облыстың салалық атқарушы органдарына келісуге беріледі;

Қазақстан Республикасының ағымдағы стратегиялық даму жоспарын іске асырудың оныншы жылының 1 желтоқсанынан кешіктірмей белгіленген тәртіппен ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді органына бекітуге беріледі.

13. Әзірлеу кезеңінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган келісуге берілген мемлекеттік бағдарламалардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму бағдарламаларының, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының мынадай бағыттар бойынша қарайды:

бағдарламалық құжатты әзірлеу негіздігі;  
құжатты әзірлеуге қойылатын әдіснамалық талаптардың сақталуы;  
себеп-салдарлық байланыс негізінде таңдап алынған мақсаттардың, нысаналы индикаторлардың, міндеттердің, нәтижелер көрсеткіштерінің (аралық және түпкі) негізділігі мен дұрыстығы, олардың айқындығы, нақтылығы және шынайылығы;

құжат мақсатының стратегиялық мақсаттар мен елдің даму басымдықтарына, жоғары деңгейде тұрған құжаттарға, жүргізіліп отырған әлеуметтік-экономикалық саясатқа сәйкестігі;

құжат мақсатының, нысаналы индикаторларының, аралық және түпкі нәтижелерінің оны іске асырудың жоспарланған мерзіміне сәйкестігі;

құжатты іске асыру үшін қаржы-экономикалық, материалдық-техникалық, еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру үшін қажетті ресурстарды жоспарлаудың дұрыстығы;

мақсаттарға қол жеткізуге кедергі келтіруі мүмкін ықтимал сыртқы және ішкі тәуекелдер мен жағдаяттарды, сондай-ақ оларды еңсеру не құжатты түзету жөніндегі қабылдануы тиіс шараларды анықтау.

## **2.2. Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспары 2.2.1. Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарына қойылатын негізгі талаптар**

14. Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспары мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының ұзақ мерзімді басымдықтарынан туындайтын елдің алдағы онжылдық кезеңге арналған түйінді стратегиялық басымдықтарын камтуы:

елдің алдағы онжылдық кезеңге арналған басымдықты даму бағыттары арасындағы

қисындық өзара байланысты қамтамасыз етуі;  
елдің дамуының күшті және әлсіз жақтарына, мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерге,  
сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық дамудың ұзақ мерзімді болжамының талдауына  
н е г і з д е л у і :  
қысқа әрі нақты баяндалуы.

## **2.2.2. Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарының құрылымы**

15. Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспары мынадай бөлімдерден  
т ұ р а д ы :

к і р і с п е ;  
ағымдағы жағдайды талдау;  
жаһандық үрдістерді талдау;

Қазақстан Республикасының алдағы онжылдық кезеңнің соңына пайымы;  
елдің дамуының алдағы онжылдық кезеңге арналған басымдықтары; қорытынды.

16. "Кіріспе" бөлімінде Қазақстан Республикасының алдағы онжылдық кезеңге  
арналған стратегиялық даму жоспарын әзірлеудің негіздемесі мен қажеттігі көрсетіледі

17. "Ағымдағы жағдайды талдау" бөлімінде:  
елдің дамуының түйінді көрсеткіштерін талдау шеңберінде алдағы онжылдық  
кезеңнің соңына Қазақстан Республикасының ағымдағы жай-күйін талдау мен  
әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуының қол жеткен деңгейін бағалау  
;

Қазақстан Республикасының алдағы онжылдық кезеңдегі дамуына әсер ететін ішкі  
факторларды (мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерді) бағалау көрсетіледі.

18. "Жаһандық үрдістерді талдау" бөлімінде әлемдік үрдістерді талдау, Қазақстан  
Республикасының әлемдік және өңірлік экономикадағы ұстанымдары, сондай-ақ  
сыртқы қолайсыздықтар мен қауіп-қатерлерді айқындай отырып елдің дамуына әсер  
ететін сыртқы факторларды бағалау келтіріледі.

19. "Қазақстан Республикасының пайымы" бөлімінде елдің алдағы онжылдық  
кезеңнің соңындағы бейнесі айқындалады, сондай-ақ елдің түйінді, жалпыұлттық даму  
к ө р с е т к і ш т е р і к е л т і р і л е д і .

20. "Ел дамуының алдағы онжылдық кезеңге арналған басымдықтары" бөлімінде  
Қазақстанның алдағы онжылдық кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық,  
қоғамдық-саяси дамуының түйінді стратегиялық бағыттары айқындалады.

Ағымдағы жағдайды талдауды, елдің түйінді даму көрсеткіштері мен ішкі және  
сыртқы факторларды бағалауды ескере отырып мемлекеттің күш-жігерін елдің алдағы  
онжылдық кезеңнің соңына пайымға қол жеткізудің міндетті (ажырамас) шарттары



ретінде таңдап алынған түйінді стратегиялық бағыттарға шоғырландыру қажеттігінің нақты негіздемелері көрсетіледі.

Елдің дамуының алдағы онжылдық кезеңге арналған даму басымдықтары (түйінді стратегиялық бағыттары) елдің дамуының нақты бағыттарын іске асыру үшін ұзақ мерзімді реформалауды қажет ететін мемлекеттік басқарудың негізгі салаларына ( а я л а р ы н а ) б ө л і н е д і .

Мемлекеттік басқарудың әрбір саласына (аясына) жеке кіші бөлім арналады, онда мемлекеттік басқарудың алдағы онжылдық кезеңге арналған тиісті саласының ( а я с ы н ы ң ) стратегиялық даму мақсаттары болуы қажет.

21. Стратегиялық мақсат алдағы онжылдық кезеңнің соңына қол жеткізілуі тиіс мемлекеттік басқару саласын (аясын) дамыту нәтижесі (пайымы) болып табылады.

Мемлекеттік басқарудың алдағы онжылдық кезеңге арналған тиісті саласының ( а я с ы н ы ң ) стратегиялық даму мақсаттарын әзірлеу: мемлекеттік басқарудың тиісті саласындағы (аясындағы) ағымдағы жағдай бейнесі; алдағы онжылдық кезеңде мемлекеттік басқару саласының (аясының) дамуына әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды талдау негізінде жүзеге асырылады.

22. Алдағы онжылдық кезеңде мемлекеттік басқару саласының (аясының) дамуына әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды талдау шеңберінде стратегиялық мақсаттарды қалыптастыру үшін:

алдағы онжылдық кезеңде саланың (аяның) дамуына ықпал етуі мүмкін ішкі факторлар - күшті тұтастары;

саланы (аяны) дамытуды тежейтін және (немесе) алдағы онжылдық кезеңде оның дамуына кері әсер ететін ішкі факторлар - әлсіз тұтастары;

саланың (аяның) дамуына оң әсер ететін сыртқы факторлар және сыртқы, жаһандық немесе өңірлік сипаттағы жағымды үрдістер - мүмкіндіктер;

саланың (аяның) дамуына теріс әсер етуі мүмкін сыртқы ортаның сыртқы факторлары (үрдістері) ескеріледі - қауіп-қатерлер.

23. Қойылған стратегиялық мақсатқа қол жеткізу дәрежесін айқындау мақсатында әрбір стратегиялық мақсатқа нысаналы индикатор (аралық және түпкі) сәйкес келуі т и і с .

Мемлекеттің Қазақстан Республикасының алдағы онжылдық кезеңге арналған Стратегиялық даму жоспарын іске асыру шеңберіндегі қызметінің нәтижесінде жүргізілетін нысаналы индикатордың сапалық жағы мемлекеттік басқарудың тиісті саласындағы (аясындағы) оң өзгерістердің мәнін, ал сандық жағы - олардың өлшемді, абсолютті немесе салыстырмалы көлемін көрсетуі тиіс.

24. Нысаналы индикаторлар мынадай талаптарға сай келуі тиіс: салыстырмалылық (серпінде салыстыру мүмкіндігі);

қарапайымдылық және нақтылық (нысаналы индикаторлар пайдаланушыларға түсінікті болуы қажет);

үнемділік (нысаналы индикаторларға қол жеткізуді бағалау үшін ақпараттық және техникалық ресурстардың жеткілікті болуы);  
толықтық және жинақтылық (нысаналы индикаторлар саланың (аяның) барлық жұмыс істеу аспектілерінің толық және барабар сипаттамасын қамтамасыз етуі тиіс);  
ікемділік, бейімділік (нысаналы индикаторлардың саланың (аяның) әр түрлі даму сатыларындағы барлық өзгерістерді көрсете білу мүмкіндігі);  
қолжетімділік және өлшемділік;  
мониторинг және нысаналы индикаторларға қол жеткізуге бағалау жүргізу мақсатында аралық мәндердің болуы.

### **2.3. Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасы 2.3.1. Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасына қойылатын негізгі талаптар**

25. Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасы туралы негізгі ережелер Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінде анықталған.

26. Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасы ағымдағы ахуалды талдау, елдің және оның өңірлерінің әлемдік және өңірлік экономикадағы орнын айқындау, экономикалық, табиғи, еңбек әлеуетін талдау мен бағалау, өңірлер бөлінісінде елді таратып орналастыру, кеңістіктік даму мен халықты таратып орналастырудың қазіргі бағыттары, ел экономикасындағы, оның әрбір өңіріндегі қалыптасқан оң және теріс үрдістер мен Қазақстан Республикасының алдағы онжылдық кезеңге арналған стратегиялық даму жоспары негізінде әзірленеді.

27. Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын орталық және жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың, ғылым өкілдерінің, қоғамдық ұйымдардың қатысуымен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган әзірлейді.

28. Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын іске асыруға бағдарланған Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасында мынадай мәселелер баяндалады:

елдің өңірлік және әлемдік экономикаға ұстанымдануы;  
елді перспективалы аумақтық ұйымдастыру және өсу полюстерін көрсете отырып таратып орналастыру жүйесі;

ұлттық экономиканың аумақтық дамуын ұтымды ету есебінен экономикалық ресурстарды оңтайлы пайдалану, өндіргіш күштерді ұйымдастырудың жаңа жүйелерін пайдалану және әлеуметтік-экономикалық процестердің орнықты және бәсекелі дамуын қамтамасыз ету үшін таратып орналастыру жүйесін құру;  
аумақтарды инфрақұрылымдық қамтамасыз ету;  
жаңа жерлерді, минералдық шикізат ресурстарын, өндірістердің жаңа түрлерін

игеру немесе әкімшілік-аумақтық бірліктер шеңберінде қазірдің өзінде бар аумақтарды ж а й л а с т ы р у ;

аумақтардың экологиялық ахуалын жақсарту;  
республикалық, өңіраралық және өңірлік маңызы бар өндірістік, энергетикалық, инженерлік, көлік-коммуникациялық және әлеуметтік инфрақұрылымды үйлесімді дамытуға бағытталған инвестициялардың негізгі басымдықтары;  
аумақтық дамуды институционалдық қамтамасыз ету, аумақтық дамуды, мемлекеттің әкімшілік-аумақтық құрылысын жоспарлау жүйесін жетілдіру.

29. Аумақтық-кеңістіктік дамудың болжамды схемасы оны іске асырудың (аралық және түпкі) күтілетін нәтижелерін сипаттайтын индикаторларды қамтиды, оның негізінде схеманы іске асырудың тиімділігін бағалау қалыптасады.

### **2.3.2. Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасының құрылымы**

30. Аумақтық-кеңістіктік дамудың болжамды схемасы мынадай бөлімдерді қ а м т и д ы :

ағымдағы ахуалды талдау;  
елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының пайымы;  
елдің аумақтық-кеңістіктік даму болжамы.

31. "Ағымдағы ахуалды талдау" бөлімінде қазіргі жағдайдың, сондай-ақ экономикалық, табиғи, еңбек әлеуеті, өндірістік күштерді орналастыру, көлік-коммуникациялық, әлеуметтік және басқа да инфрақұрылым, қазіргі кеңістіктік даму бағыттары мен тұтастай алғанда елдегі және оның әрбір өңіріндегі халықты таратып орналастыру, сондай-ақ өңіраралық өзара байланыстар мәселелері бойынша қалыптасқан үрдістердің оң және теріс жақтары баяндалады.

Талдау мәтіндік форматта мынадай схемалармен келтіріледі:

1) аумақтардың сипаттамасының схемалары, оларда мыналар көрсетіледі: аумақтардың одан әрі функционалдық аумақтары ретінде қалыптасқан құрамы, олардың шекаралары, даму деңгейлері, аумақтарды пайдаланудың режимдері ( р е г л а м е н т т е р і ) ;

елдің жер қойнауы ресурстарының ағымдағы сандық және сапалық сипаттамалары, о л а р д ы о р н а л а с т ы р у ;

тозу көрсеткіштері бар негізгі құралдардың болуы;  
шикізаттан бастап дайын өнімді өткізгенге дейін өндірушілер арасында өзара байланысты көрсете отырып өнеркәсіптік кәсіпорындар мен өнеркәсіптік өнімнің көлемі бойынша қалыптастырылған өнеркәсіптік кешендердің нақты болуы;

2) негізгі капиталға және негізгі қорларды іске қосу бойынша инвестициялық қ ы з м е т т і ң ағымдағы жағдайы ;

әрбір саланың ағымдағы сандық және сапалық сипаттамалары, рөлі, саланың экономикаға және ел аумағын кеңістіктік ұйымдастыруға, халық санын шоғырландыруға, өндіргіш күштердің тораптарын (өнеркәсіптік тораптарды) қалыптастыруға және тұтастай урбанизация процесіне әсер ету дәрежесі ашылып көрсетілетін салалық схемалар;

3) инженерлік, оның ішінде көлік-коммуникациялық, энергетикалық инфрақұрылым, сумен қамтамасыз ету инфрақұрылымы объектілерін ағамдағы орналастыру жүргізілетін инфрақұрылым объектілерін орналастыру схемасы;

4) ел аумағындағы, оның жекелеген өңірлеріндегі антропогендік және техногендік факторлардың әрекетін, олардың өңірлердің дамуына әсерін және ел аумағындағы антропогендік және техногендік факторлардың теріс салдарын жоюға бағытталған қабылданған шараларды көрсететін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі схема.

5) ел халқын таратып орналастырудың ерекшеліктері келтірілетін ел халқын таратып орналастырудың қалыптасқан жүйесінің схемасы:

елдегі барлық халықтың санымен байланыстырылған, жас топтары, жыныстық белгісі бойынша жіктелген қала мен ауыл халқының жалпы саны;

елдің өңірлері бойынша халықтың жан басына шаққандағы жалпы қосылған құнының көрсеткіштері;

еңбек ресурстарының саны мен елдің өңірлер бойынша және экономика салалары бойынша жұмыссыздық деңгейі, шетелдік жұмыс күшінің саны, еңбек ресурсына қажеттілігі, жергілікті оқу орындары дайындайтын мамандардың саны;

көші-қон ағынының, себептерін және оны басқарудың қалыптасқан тетіктерін көрсете отырып көші-қон ағынын бағыттау;

білім беру және басқа да әлеуметтік объектілерді орналастыру жүйесі;

ел аумағында еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыруға ықпал ететін басқа объектілерді - технопарктерді, инновациялық орталықтарды, зауыттарды және тағы басқаларды орналастыру жүйесі;

халықтың жан басына шаққандағы ақшалай кірістермен және ең төменгі күнкөріс шамасымен айқындалатын өмір сүру деңгейі;

ел халқын таратып орналастырудың басқа да қалыптасқан ерекшеліктері;

6) макроөңірлердің экономикаларына жүргізілген талдау негізінде ел аумағының "тірек қаңқасы" схемасы, онда қазіргі қолда бар қалалық ірі агломерациялар - елдегі экономикалық белсенділікті өзіне шоғырландыратын және әлеуметтік-экономикалық қайта құрылулардың көзі болып табылатын инновациялық және басқару орталықтары бөлініп көрсетіледі.

7) аумақтардың ресурстарын пайдалану, республикалық, өңірлік және халықаралық еңбек бөлінісінде аумақтардың мамандануы және аумақтық дамуды инфрақұрылымдық қамтамасыз ету келтірілетін аумақтарды экономикалық ұйымдастырудың қалыптасқан схемасы;

8) мемлекетаралық маңызы бар аумақтардың схемасы:  
болжамда мемлекетаралық маңызы бар өңірлерге қалыптасуына қабілетті ретінде бөліп көрсетілген аймақтардағы қалыптасқан экономикалық және сыртқы экономикалық қызмет;

қазіргі қолда бар сауда-экономикалық, көші-қон, өндірістік, ғылыми және мәдени байланыстар көрсетіледі.

9) барынша толық талдау үшін қажетті өзге де схемалар.  
Схемалар еткен орта мерзімді кезеңдегі көрсеткіштерді міндетті түрде келтіріп, өңірлердің белгілі бір сипаттамалары көрсетілген елдің географиялық картасы негізінде қалыптастырылады және ағымдағы жағдайға жүргізілген талдауды көрнекі түрде бейнелеуі тиіс.

Схемаларды ескере отырып келтірілген талдау негізінде мыналар бойынша қорытынды қалыптасады:

табиғи ресурстармен, инфрақұрылыммен, еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі; тұтынылуы ішкі өндірістен асатын өзіндік өнім өндіруді дамытудың қолда бар әлеуеті;

тауарлар мен қызметтер көрсетуді, қызмет түрлерін өндірудің перспективалы бағыттарын дамыту.

32. "Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының пайымы" бөлімінде жалпы идеологиясы, тұжырымдамасы, елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының негізгі ұстанымдары баяндалады.

Бұл бөлім белгіленген алдағы онжылдық кезеңге арналған Ел дамуының басымдықтарына сәйкес мәтіндік форматта жасалады.

33. "Елдің аумақтық-кеңістіктік даму болжамы" бөлімі мынадай бағыттар бойынша тиісті схемалары бар мәтіндік форматтағы ақпаратты қамтуы тиіс:  
аумақтық-кеңістіктік дамудың мақсаттары, міндеттері;

Қазақстан Республикасы дамуының ұзақ мерзімді перспективаға арналған макроэкономикалық болжамы;

елдің аумақтық-кеңістіктік дамуына теріс әсер ету тәуекелдерінің негізгі сыртқы және ішкі факторлары.

Бұл бөлімде елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының мынадай болжамды схемалары келтіріледі:

1) функционалдық аймақтардың перспективалы құрамы, олардың шекарасы, даму деңгейі, аймақтарды пайдалану режимдері (регламенттері) айқындалатын функционалдық аймаққа бөлу схемасы;

2) әрбір саланың перспективалы, сандық және сапалық сипаттамалары, рөлі, саланың экономикаға және ел аумағын кеңістіктік ұйымдастыруға, халық санын шоғырландыруға, өндіргіш күштердің тораптарын (өнеркәсіптік тораптарды) қалыптастыруға және тұтастай урбанизация процесіне әсер ету дәрежесі көрсетілетін

3) өндіргіш күштерді орналастыруға және халықты таратып орналастыруға өзара байланысты инженерлік, оның ішінде көлік, энергетикалық инфрақұрылым объектілерін, сумен қамтамасыз ету инфрақұрылымын (көлік дәліздерінің және көлік-логистикалық орталықтардың бағыты, сумен жабдықтау және су бұру көздерін орналастыру және тағы басқалары) перспективалы орналастыру көрсетілетін инфрақұрылым объектілерін дамыту схемасы.

Бұл схема аумақтарды пайдалануды шектеулер ескеріле отырып жасалады.

4) елдің аумағында, оның жекелеген өңірлерінде антропогендік және техногендік факторлардың теріс әсерін азайтуды болжамды көрсететін, аудандарды дамыту перспективалары мен жаңадан игерілетін аумақтар үшін ықтимал антропогендік жүктемелерді ескеріп шаруашылық және өзге қызмет объектілерін дамытуға және орналастыру мен игерілген аумақтар үшін қазіргі шаруашылық және өзге де қызметтің теріс салдарын жоюға бағытталған іс-шаралар жүйесін әзірлеуге экологиялық шектеуді қамтитын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі схема;

5) халықты таратып орналастыру схемасы, онда мыналар көрсетіледі: көші-қон ағындарының бағыттары және оны басқару тетіктері; өңірлерді таратып орналастыру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары; әлеуметтік объектілерді орналастыру жүйесі, жастардың перспективалы аумақтарға келуін арттыруға бағытталған тұрғын үй жағдайын жақсарту; ел аумағында еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыруға бағытталған басқа тетіктер - технопарктер, инновациялық орталықтар, зауыттар және т.б. ел халқын таратып орналастырудың перспективалы ерекшеліктері;

Халықты таратып орналастыру схемасын әзірлеу кезінде басым аумақтарды дамытуды ынталандыру, барлық өңірлер халқы үшін мемлекет кепілдік берген қызмет көрсетудің тең қолжетімділігі, өңіраралық және салааралық тиімді өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету; халықтың перспективалы аумақтарға қоныс аударуы үшін экономикалық ынталандыру принциптеріне негізделеді.

6) экономиканың түрлі салаларының өндірістерін ел аумағы бойынша перспективалы бөлу көрсетілетін, өсу полюстері - өзіне елдегі экономикалық белсенділікті шоғырландыратын және елдің басқа қалған аумақтары үшін " локомотивтер" рөлін атқаратын "басып оза өсу аймақтары" бөлініп көрсетілетін п о л я р л ы қ д а м у с х е м а с ы ;

7) аумақтардың ресурстық әлеуетін ұтымды пайдалану, республикалық, өңірлік және халықаралық еңбек бөлінісінде аумақтардың бәсекеге қабілетті экономикалық мамандануы және аумақтық дамуды инфрақұрылымдық қамтамасыз ету көрсетілетін аумақтарды экономикалық ұйымдастыру схемасы;

8) шекара маңы аумақтарын дамытудың мемлекетаралық схемасында мыналар көрсетіледі:

белсенді экономикалық және сыртқы экономикалық қызметі бар, мемлекетаралық маңызы бар өңірлерге қалыптасуға және үшінші елдердің нарығына шығуға қабілетті аймақтар;

сауда-экономикалық, көші-қон, өндірістік, ғылыми және мәдени байланыстарды күшейту бағыттары.

## **2.4. Мемлекеттік бағдарламалар 2.4.1. Мемлекеттік бағдарламалардың тізбесі**

34. Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспары іске асыруда онда бөлініп көрсетілген стратегиялық мақсаттардың негізінде әзірленуге мен бекітілуге тиіс Мемлекеттік бағдарламалардың тізбесі қалыптасады.

35. Мемлекеттік бағдарламалардың тізбесін мүдделі мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган әзірлейді.

36. Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Мемлекеттік бағдарламалардың тізбесінде көзделмеген мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге және бекітуге жол берілмейді.

37. Мемлекеттік бағдарламалардың тізбесіне Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын іске асыру кезеңінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық даму жоспарын іске асыруды аралық бағалау нәтижелері бойынша өзгерістер, толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **2.4.2. Мемлекеттік бағдарламаларға қойылатын талаптар.**

38. Мемлекеттік бағдарламалардың негізгі ережелері Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінде айқындалған.

39. Мемлекеттік бағдарлама мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс: Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарын іске асыруға бағдарланған болуы;

Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарының стратегиялық мақсаттарын жетістіктердің жолдарын ашуы;

мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерінің логикалық өзара байланысы сақталуы;

мемлекеттік қызмет саласындағы күшті және әлсіз тұстарға, мүмкіндіктер мен қатерлерге алдын ала талдау жүргізілуі;

игілікті пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы;

құжаттың мақсаттар мен ресурстар бойынша теңгерімдігі; мәтіннің тезисті форматта, қысқа және нақты баяндалуы.

40. Мемлекеттік бағдарламада:

нысаналы индикаторларды көрсете отырып, қызмет саласында елді дамытудың түнкі мақсаттары;

нысаналы аудиториясы;  
күшті және әлсіз тұстарды, мүмкіндіктер мен қатерлерді талдауды ескере отырып,  
қойылған мақсатқа қол жеткізудің ықтимал жолдары мен тәсілдері;  
бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар, қаржыландыру көздері мен іске  
асыру кезеңдері бойынша бөле отырып абсолютті түрдегі мәнде көлемі анықталды.

41. Мемлекеттік органдардың ведомствоішілік мәселелерін шешуге бағытталған,  
сондай-ақ қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларды, осы бағдарламаларды іске  
асыру жөніндегі іс-шаралардың мақсаттары мен міндеттерін қайталайтын мемлекеттік  
бағдарламаларды әзірлеуге жол берілмейді.

### 2.4.3. Мемлекеттік бағдарламаның құрылымы

42. Мемлекеттік бағдарламаның құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:  
паспорт (негізгі өлшемдер);  
кіріспе;  
ағымдағы жағдайды талдау;  
бағдарламаны іске асырудың мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлар мен  
нәтижелер көрсеткіштері;  
бағдарламаларды іске асыру кезеңдері;  
қажетті ресурстар.

43. "Паспорт" бөлімінде мыналарды қамтитын бағдарламалық құжаттың негізгі  
өлшемдері:  
атауы, әзірлеуге арналған негіздеме;  
бағдарламалық құжатты әзірлеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік  
органның нұсқауы;  
мақсаттары;  
міндеттері;  
іске асыру мерзімдері (кезеңдері);  
нысаналы индикаторлары;  
қаржыландыру көздері мен көлемдері баяндалады.

44. "Кіріспе" бөлімінде ұсынылып отырған мемлекеттік бағдарламаның  
қажеттілігінің негіздемесі баяндалады.

45. "Ағымдағы жағдайды талдау" бөлімінде:  
қызмет саласы жағдайының ағымдағы ахуалын, сондай-ақ оның елдің  
әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына әсерін бағалау;  
қолданыстағы нормативтік-құқықтық базалар сипаттамасын, қызмет саласын  
дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асырудың қолданыстағы  
практикалары мен нәтижелерін қоса алғанда, қызмет саласын дамытуды мемлекеттік  
реттеудің қолданыстағы саясатын талдау;



негізгі проблемалар, үрдістер мен алғы шарттар баяндалады.

46. "Бағдарламаны іске асырудың мақсаттары, міндеттері нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштері" бөлімінде:

жоспарлы кезеңнің соңында қызмет саласы жағдайының пайымын, оны осы бағытта дамытудың сапалы бағдарын ұсынатын және Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарының стратегиялық мақсаттарын жетістікке бағытталған бағдарламаның мақсаты;

бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу айқындауға мүмкіндік беретін, сапалы жағы бағдарламалық құжатты іске асыру нәтижесінде болатын өзгерудің мәнін, ал сандық - оның өлшемін, абсолютті немесе салыстырмалы шамасын көрсететін нысаналы индикаторлары;

бағдарламаның тиісті мақсаттарына қол жеткізу үшін орындалуы қажет негізгі шарттар ретінде жағдайды талдау негізінде қалыптасатын және жоспарлы кезеңнің соңында қызмет саласында шешуші өзгерістерді көруге мүмкіндік беретін бағдарламаның міндеттері;

оның жоспарланған мәніне қол жеткізілетін нақты кезеңін (орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді) көрсете отырып, бағдарлама міндеттерінің шешілу дәрежесін сипаттайтын, әрбір міндет бойынша нәтижелер көрсеткіштері айқындалады.

47. "Бағдарламаны іске асыру кезеңдері" бөлімінде оларға қол жеткізудің бағдарланған мерзімдерін көрсете отырып, бағдарламалық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу кезеңдерінің сипаттамалары (бірінші кезектегі, ортамерзімді, стратегиялық ) баяндалады.

48. "Қажетті ресурстар" бөлімінде мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға арналған (қаржылық-экономикалық, материалдық-техникалық еңбек) ресурстарға қажеттілік мәселелері баяндалады.

Бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық және жергілікті бюджеттің қаражаты, мемлекеттік заемдар, мемлекеттің кепілдігімен тартылатын мемлекеттік емес заемдар, тікелей шетелдік және отандық инвестициялар, халықаралық қаржылық экономикалық ұйымдардың немесе донор елдердің гранттары, екінші деңгейдегі банктердің кредиттері, ұйымдардың жеке меншік қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер бола алады.

Қаржыландырудың болжанатын көлемдері әлеуметтік-экономикалық даму болжамын, жоспарлы кезеңге арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің өлшемдерін, халықаралық шарттар мен басқаларды ескере отырып айқындалады.

## **2.5. Аумақтардың даму бағдарламасы 2.5.1. Аумақтардың даму бағдарламасына қойылатын**

### **негізгі талаптар**

49. Аумақтардың даму бағдарламасының туралы негізгі ережелер Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінде айқындалған.

50. Аумақтардың даму бағдарламасы мынадай:

Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарымен, Елді аумақтық-кеңістіктік дамытудың болжамды схемасымен, мемлекеттік бағдарламалармен белгіленген бағыттармен өзара үйлестіру үшін аумақтарды дамытудың басым бағыттарын айқындау;

нақты аумақта елді аумақтық-кеңістіктік дамыту схемасының, мемлекеттік бағдарламаларының болжамды схемасында белгіленген мақсаттарға қол жеткізу, міндеттерді шешу жолдарын ашу;

аумақтарды дамытудың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін бағалауға; мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерінің логикалық өзара байланысы сақталу;

күшті және әлсіз тұстарды, мүмкіндіктер мен қатерлерді алдын ала талдау жүргізу; игілікті пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы және өңірдің өз экономикалық әлеуетін дамыту;

республикалық билік органдары мен аумақтың атқарушы билік органдары іс-қимылының келісімділігін, сондай-ақ мақсаттар мен ресурстар бойынша құжаттың теңгерімділігін сақтау;

тезисті форматтағы мәтінді қысқа әрі нақты баяндау талаптарына сәйкес келуі тиіс.

51. Аумақтардың даму бағдарламасында:

нысаналы индикаторларды көрсете отырып бес жылдық кезеңнің соңында аумақтарды дамытудың түпкілікті мақсаттары;

күшті және әлсіз тұстарды, мүмкіндіктер мен қатерлерді талданды ескере отырып қойылған мақсаттарға қол жеткізудің ықтимал жолдары мен тәсілдері;

қаржыландыру көздері мен іске асыру кезеңдері бойынша бөліністе абсолютті түрде бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар көлемі айқындалады.

52. Мемлекеттік органдардың ведомствоішілік мәселелерін шешуге бағытталған бағдарламаны әзірлеуге жол берілмейді.

## **2.5.2. Аумақтардың даму бағдарламасының құрылымы**

53. Аумақтардың даму бағдарламасының құрылымы мынадай:

паспорт (негізгі өлшемдер);

ағымдағы жағдайды талдау;

өңірді дамытудың пайымы;

негізгі бағыттар, мақсаттар, міндеттер нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштері;

бағдарламаларды іске асыру кезеңдері;

қажетті ресурстар;  
бағдарламаны басқару бөлімдерінен тұрады.

54. "Паспорт" бөлімінде:

атауын,

әзірлеуге арналған негіздемені;

осы өңірдің негізгі сипаттамасы;

бағыттарын;

мақсаттарын;

міндеттерін;

іске асыру кезеңдерін;

нысаналы индикаторларды;

қаржыландыру көздері мен көлемдерін қамтитын бағдарламалық құжаттың негізгі параметрлері баяндалады.

55. "Ағымдағы жағдайды талдау" қызмет саласын дамыту бөлімінде:

өңірдің жай-күйінің оң және теріс тұстарын, сондай-ақ олардың елдің дамуының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына әсерін бағалау;

экономикалық даму, әлеуметтік сала, инфрақұрылымдық кешен, аумақтық (кеңістіктік) даму мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару жүйесі бағыттары бойынша аумақтың әлеуметтік-экономикалық жай-күйіне талдау;

аумақтарды орта мерзімді перспективада тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамытудың бәсекелес басымдықтары мен мүмкіндіктері факторларынан тұратын негізгі проблемалардың, тәуекелдердің кешенді сипаттамасы;

қолданыстағы нормативтік-құқықтық қор сипаттамасын, тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асырудың қолданыстағы практикалары мен нәтижелерін қоса алғанда аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытуды мемлекеттік реттеудің қолданыстағы саясатына талдау.

56. "Өңірді дамытудың пайымы" бөлімінде шешуші нысаналы индикаторларды көрсете отырып бағдарламаны іске асырудың соңында өңірді дамытудың жалпы болжамды нәтижелері баяндалады.

57. "Негізгі бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштері" бөлімінде:

1) өңірді дамытудың негізгі бағыттары бөлігінде:

тұтастай алғанда өңірді;

экономикалық дамыту;

әлеуметтік сала;

инфрақұрылымдық кешен;

аумақтық (кеңістіктік) құрылым;

мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару жүйесі.

2) нысаналы индикаторларды көрсете отырып стратегиялық және бағдарламалық

құжаттарда қалыптастырылған стратегиялық мақсаттар мен міндеттердің ұзақ мерзімді жүйесіне сәйкес аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытудың әрбір бағыты бойынша мақсаттары;

3) көрсетілген әрбір мақсаттарға қол жеткізу бойынша міндеттері;

4) олардың болжамды мәніне қол жеткізілетін және бағдарламаларды іске асыруды бағалауды жүзеге асыру ұйғарылатын негізде кезеңдерді көрсете отырып бағдарлама міндеттерінің қол жеткізілген дәрежесін сипаттайтын нәтижелердің сандық өлшенетін көрсеткіштері баяндалады.

Бағдарламаның мақсаты жоспарлы кезеңнің соңында өңірді дамытудың белгілі бір бағытының жай-күйі түрінде, бірнеше міндеттерді шешуге қол жеткізетін өңірді дамытудың сапалы бағдарын ұсынады.

Нысаналы индикаторлар бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін, сапалы жағы бағдарламалық құжатты іске асыру нәтижесінде болатын өзгерудің мәнін, ал сандық - оның өлшемін, абсолютті немесе салыстырмалы шамасын көрсетеді.

Бағдарламаның міндеттері ағымдағы жағдайды талдау негізінде қалыптасатын және жоспарлы кезеңнің соңында өңірдегі маңызды өзгерістерді көруге мүмкіндік беретін бағдарламаның тиісті мақсаттарына қол жеткізу үшін орындалуы қажет негізгі шарттарды ұсынады.

Бағдарламаның әрбір міндетінде нәтижелер көрсеткіштер (аралық және түпкілікті) - бағдарламаның міндеттеріне қол жеткізудің деңгейін сипаттайтын сандық өлшенетін көрсеткіштер сәйкес келуі тиіс.

Нәтижелер көрсеткіштері оның мәніне қол жеткізілетін нақты кезеңін (орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді) көрсете отырып бағдарлама міндеттерінің шешілу дәрежесін сипаттайтын сандық өлшенетін мәнін білдіреді.

58. "Бағдарламаларды іске асыру кезеңдері" бөлімінде оларға қол жеткізудің бағдарланған мерзімдерін көрсете отырып бағдарламалық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу кезеңдерінің сипатамалары (бірінші кезектегі, орта мерзімді, стратегиялық) келтіріледі.

59. "Қажетті ресурстар" бөлімінде мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін ресурстарға қажеттілік мәселелері қаржылық-экономикалық, материалдық-техникалық еңбек баяндалады.

Бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық және жергілікті бюджеттің қаражаты, мемлекеттік заемдар, мемлекеттің кепілдігімен тартылатын мемлекеттік емес заемдар, тікелей шетелдік және отандық инвестициялар, халықаралық қаржылық экономикалық ұйымдардың немесе донор елдердің гранттары, екінші деңгейдегі банктердің кредиттері, ұйымдардың өз қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер бола алады.

Қаржыландырудың болжанатын көлемдері әлеуметтік-экономикалық даму

болжамын, жоспарлы кезеңге арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің өлшемдерін, халықаралық шарттар мен басқаларды ескере отырып айқындалады.

60. "Бағдарламаны басқару" бөлімі республикалық билік органдары мен аумақтың атқарушы билік органдары іс-қимылының келісімділігіне, мақсаттар мен ресурстар бойынша құжаттың теңгерімділігіне қол жеткізу бойынша бағдарламаны басқару жүйесін сипаттауды қамтиды.

## **2.6. Мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары**

### **2.6.1. Мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына қойылатын негізгі талаптар**

61. Мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары туралы негізгі ережелер Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінде және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінде айқындалған.

62. Стратегиялық жоспарды мемлекеттік орган әзірлейді және оған ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметін қоса алғанда, оның қызметінің барлық саласын қ а м т и д ы .

63. Стратегиялық жоспарды құру форматын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

64. Мемлекеттік органның стратегиялық жоспары мынадай: стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың мақсаттарына, көрсеткіштері мен міндеттерін шешуге қол жеткізу жолдары мен тәсілдерін баяндай отырып, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды іске асыруға бағдарланған; мақсаттар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштерінің қысқынды өзара байланысының с а қ т а л у ;

игілікті пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталу; әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік органдар іс-қимылының келісімділігін сақтау; тезисті, форматта мәтіннің қысқа әрі нақты баяндалу талаптарына сәйкес келуі тиіс.

### **2.6.2. Мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының құрылымы**

65. Мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының құрылымы мынадай: м и с с и я және п а й ы м ; ағымдағы жағдайды және қызметтің тиісті саласын (аясын) дамыту үрдісін талдау; стратегиялық бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар, міндеттер, іс-шаралар, нәтижелер көрсеткіштері; функционалдық мүмкіндіктерді дамыту; ведомствоаралық өзара іс-қимыл; тәуекелдерді басқару; бюджеттік бағдарламалар бөлімдерінен тұрады.

### 2.6.3. Миссия және пайым

66. Мемлекеттік органның миссиясы - мемлекеттік басқару субъектісі ретінде қызметтің тиісті саласында немесе аясында мемлекеттік саясатты іске асырудағы оның рөлін айқындауда қорытындылаушы мемлекеттік органның негізгі мақсаты.

67. Мемлекеттік органның пайымы - стратегиялық жоспарды іске асыру нәтижесінде қызметтің саласына немесе аясына жетекшілік ететін перспективалық жай-күйі.

### 2.6.4. Ағымдағы жағдайды және қызметтің тиісті саласын (аясын) дамыту үрдісін талдау

68. О с ы б ө л і м д е :

статистикалық деректерді не қызмет салаларының немесе аясының жай-күйі сипаттайтын басқа да көрсеткіштерді келтіре отырып, оның ішінде басқа елдермен салыстыра мемлекеттік орган қызметінің реттелетін салаларын немесе аясын дамытудың негізгі өлшемдері;

шешуіне стратегиялық жоспар бағытталған экономика мен қоғамның алдында тұрған негізгі проблемаларды талдау;

қызметтің саласын немесе аясын дамытуға әсер ететін негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау баяндалады.

69. Ағымдағы ахуалды талдау мемлекеттік орган қызметінің негізгі бағыттары бөлінісінде жүргізіледі.

70. Ағымдағы ахуалды талдау негізінде мемлекеттік орган жалпы ұлттық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететіндей болуы үшін жақсаруға қол жеткізуге маңызды деп есептейтін қызметтің тиісті салаларын немесе аясын дамытудың бағыттары қалыптастырылады.

71. Ағымдағы ахуалды талдауды баяндаудың дәйектілігі стратегиялық бағыттарды баяндау дәйектілігімен сәйкес келуі тиіс.

### 2.6.5. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар мен нәтижелер көрсеткіштері

72. Стратегиялық бағыт өзгеруі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда белгіленген мақсаттар мен басымдықтарға қол жеткізу үшін барынша маңызды болып табылатын экономика секторларының немесе реттелетін салаларын талдау негізінде қалыптастырылады.

73. Мемлекеттік органның мақсаты қол жеткізуге нысаналы индикаторларда айтылған сол мемлекеттік органның қызметіндегі не оның реттелетін саласында белгілі

бір нақты өзгеріс тұжырымдалады.

Мемлекеттік органның мақсаттарын айқындау кезінде мынадай талаптарды ұстану қажет:

1) белгіленген проблемалары бар мақсаттардың нақты себепті-тергеу байланысының болуы;

2) сандық көрсеткіштердің көмегімен мақсаттардың қол жетімділігін айтуға мүмкіндігі;

3) мемлекеттік бағдарламалар, аумақтардың даму бағдарламалары мақсаттарының сәйкестігі;

4) мақсаттарды тұжырымдау қысқа және нақты болуы тиіс және мыналарға: еркін немесе бір мәнді түсінуді бермейтін терминдерді, ұғымдар мен түсініктерді пайдалануға;

мақсаттың өзіне қол жеткізудің салдары болып табылатын өзге мақсаттарды, міндеттерді немесе нәтижелерді көрсетуге; мақсаттарға қол жеткізудің жолдары, қаражаты мен әдістерін сипаттау.

74. Стратегиялық жоспардың әрбір мақсаты үшін нысаналы индикатор айқындалады.

Әрбір нысаналы индикатор бойынша есепті жыл және бес жылдық кезең бойынша нысаналы индикатордың аралық мәнін көрсете отырып оның мәніне қол жеткізілетін түпкілікті мерзімі (кезеңі) айқындалады.

75. Мемлекеттік органның міндеті бес жылдық кезеңде қойылған мақсаттарға қол жеткізудің қажетті шарттары, жолдары болып табылады.

Мемлекеттік органның өз қызметін қамтамасыз етуге бағытталған міндеттерді қоюға жол берілмейді.

76. Әрбір міндет үшін есепті және жоспарлы кезеңдерде оның шешілу деңгейін көрсететін сандық өлшенетін көрсеткіштер келтіріледі.

Осы көрсеткіштерде мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелері көрініс табады, әрбір кезең бойынша олардың салыстырмалығына олар бойынша үздіксіз мониторинг жүргізуді қамтамасыз ете отырып есепті және бес жылдық кезеңдердің жылдары бойынша мәні көрсетіледі.

Көрсеткіштерді әзірлеу кезінде олар бойынша қажетті статистикалық және есептік деректерді алуды қамтамасыз ету қажет. Тандалынып алынған көрсеткіштер бойынша есепті деректерді алу үздіксіз жүзеге асырылуы және олардың салыстырмалығы жекелеген кезеңдерде, халықаралық тәжірибеде пайдаланылатын көрсеткіштермен қамтамасыз етілуі тиіс.

77. Әрбір міндетті шешу үшін жылдар бойынша оларды іске асырудың мерзімдерін көрсете отырып негізгі іс-шаралардың тізбесі айқындалады.

Стратегиялық жоспардың осы бөлімінде мемлекеттік органның стратегиялық

бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсатымен сәйкестігіне сипаттама жүргізіледі.

#### **2.6.6. Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту**

78. Стратегиялық жоспардың осы бөлімі стратегиялық мақсаттарға барынша тиімді қол жеткізуге мемлекеттік орган қызметінің нәтижелеріне қол жеткізу және жақсарту үшін қажетті мемлекеттік органның ішкі ортасын өзгерту, ішкі қызметті ұйымдастыруды жақсарту бойынша жоспарланатын іс-шаралар туралы ақпаратты қамтиды.

#### **2.6.7. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл**

79. Осы бөлімде қол жеткізілуі үшін ведомствоаралық өзара іс-қимылды талап ететін көрсеткіштері және тиісті мемлекеттік органдар Стратегиялық жоспардың стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері бөлінісінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды баяндай отырып көрсетіледі.

"Ведомствоаралық өзара іс-қимыл" бөлімі тиісті мемлекеттік органдармен (бөлімде көрсетілген) келісіледі.

#### **2.6.8. Тәуекелдерді басқару**

80. Осы бөлімде мемлекеттік органның қызметіне әсер ететін ықтимал тәуекелдер тізбесін және олардың алдын алу және (немесе) еңсеру тәуекелдерді басқару бойынша оның болжанатын іс-қимылы көрсетілуі, стратегиялық жоспарды іске асыру барысына әсер ететін, мемлекеттік органдардың жоспарлаған нәтижелеріне қол жеткізу үшін кедергі болатын тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

"Тәуекелдерді басқару" бөлімінде объективті немесе субъективті сипаттағы шығу тегі ішкі немесе сыртқы себептер бойынша жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізе алмау тәуекелі туындаған жағдайда, мемлекеттік органның көзделген нақты баламалы іс-шаралары баяндалады.

81. Ықтимал тәуекел ретінде мемлекеттік органның көрсеткіштерге қол жеткізе алмауы толық қаржыландырылмау тәуекелі бола алмайды.

#### **2.6.9. Бюджеттік бағдарламалар**

82. Стратегиялық жоспардың осы бөлімінде стратегиялық жоспарда көзделген мақсаттар мен міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті принциптерді негізге ала отырып, мемлекеттік органның үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік бағдарламалары келтіріледі.

83. Әрбір бюджеттік бағдарлама:



мемлекеттік функцияны, өкілеттікті жүзеге асыратын мазмұны мен олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді немесе мемлекеттік орган қызметінің бағыты көрсетілуі көрініс табатын бюджеттік бағдарламаның (және олар бар болған жағдайда кіші бағдарламалардың) атауынан; бюджеттік бағдарламаның қысқаша сипаттамасынан; қол жеткізілуі бюджеттік бағдарламаны (стратегиялық жоспардың үшінші бөлімінен) іске асырғанда қамтамасыз етілетін мемлекеттік органның стратегиялық бағыты, мақсаттары мен міндеттерінен; бюджеттік бағдарламаны іске асыру нәтижелерін сипаттайтын көрсеткіштерден (сандық, сапалық, тиімділік, нәтижелілік көрсеткіштер); есепті және жоспарлы кезеңдердегі бюджеттік шығыстардың көлемдерінен тұрады.

84. Жаңадан әзірленетін бюджеттік бағдарламалар оларды әзірлеу үшін негіздер мен олардың ықтимал бюджеттік қамтамасыз етілуі негіздемесін көрсете отырып жеке б ө л і н е д і .

85. Осы бөлімде сондай-ақ бюджеттік шығыстардың жиынтығы көрсетіледі.

### **3. Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтардың даму бағдарламаларын, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын іске асыру тәртібі**

86. Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын іске асыру мемлекеттік бағдарламаларды, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларын іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

87. Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын іске асыру мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтардың даму бағдарламаларын, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларын іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

88. Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуші - мемлекеттік органның стратегиялық жоспарын, мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға қатысатын басқа мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму бағдарламаларын іске асыру, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларын іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

89. Аумақтардың даму бағдарламаларын іске асыру жергілікті мемлекеттік органдардың тиісті стратегиялық жоспарларын іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

90. Мемлекеттік органның стратегиялық жоспарын іске асыру операциялық

жоспарды іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

91. Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтардың даму бағдарламаларын, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын іске асыру кезінде: ведомствоаралық өзара іс-қимылдың келісімділігі; ресурстардың барынша аз шығындарымен (немесе көзделгенмен) алға қойылған міндеттерге (немесе одан да жақсы) қол жеткізуге арналған бағдары; қаржы, еңбек және басқа да ресурстардың теңгерімділігі қамтамасыз етілуі тиіс.

92. Бекітілген Қазақстан Республикасының алдағы он жылдық кезеңіне арналған стратегиялық даму жоспарын және оны іске асыруға әзірленген және бекітілген мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыру ағымдағы стратегиялық даму жоспарын іске асырудың оныншы жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап жүзеге асырылады.

#### **4. Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарын, Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтардың даму бағдарламаларын, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына мониторинг тәртібі**

93. Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарын, Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтардың даму бағдарламаларын, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын іске асыру мониторингінің (бұдан әрі - құжаттардың мониторингі) мақсаты олардың әрқайсысының межелі нәтижелерге тиісінше және уақтылы қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің осы құжаттарын іске асыру барысын жақсарту болып табылады.

94. Құжаттардың мониторингі: Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асырудың ағымдағы жағдайы туралы ақпарат алудың тұрақтылығын; стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды іске асыруда мемлекеттік органдар іс-қимылдарының келісімділігін; өзгеріп отыратын жағдайларды ескере отырып мемлекеттік органдардың стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын, стратегиялық жоспарларын уақтылы өзектендіруді қамтамасыз етуге бейімделген.

95. Құжаттардың мониторингі: стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды іске асыру барысы туралы ақпараттар жинаудан (жауапты тұлғалардың нақты орындалған іс-шаралар, міндеттер, қол жеткізілген нәтижелер туралы, жоспарланған параметрлер ауытқыған жағдайда -

мұндай ауытқудың себептері туралы жедел есептілігі); тиісті ұсыныстарды әзірлей отырып ұсынылған ақпараттарды талдаудан ( стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді іске асыруды, өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуді, жауапты орындаушылардың жоспарланған іс-шараларды уақтылы іске асыруын қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдауды және т.б. ж а л ғ а с т ы р у ) т ұ р а д ы .

96. Құжаттардың мониторингісінің нәтижесі мониторинг жүргізген сәттегі Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыруға қатысатын әртүрлі тараптардың өзара іс-қимылын, сондай-ақ осы құжаттарды іске асыру барысына ортаның сыртқы әсерін талдауды ескере отырып дайындалған өзекті қорытынды мен жоспарланған іс-шараларды іске асыру тиімділігін арттыруға және қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған лауазымды тұлғалар қабылдаған қажетті ш а р а л а р б о л ы п т а б ы л а д ы .

97. Жоғары деңгейде тұрған Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыру мониторингі темен тұрған деңгейдің құжаттарын іске асыруды мониторингілеудің негізінде жүзеге асырылады.

98. Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарын және Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын іске асыру мониторингін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

99. Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру мониторингін әзірлеуші - мемлекеттік орган, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

100. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму бағдарламаларын іске асыру мониторингін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы мен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы жүргізеді.

101. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) даму бағдарламаларын іске асыру мониторингін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) және облыстардың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдары жүргізеді.

1 0 2 . М ы н а л а р д ы ң :

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын іске асыру мониторингін әзірлеуші - мемлекеттік орган мен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын іске асыру мониторингін әзірлеуші - мемлекеттік орган мен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге а с ы р а д ы ;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның стратегиялық

жоспарларын іске асыру мониторингін әзірлеуші - мемлекеттік орган мен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

Мемлекеттік органның стратегиялық жоспарын іске асыру мониторингін операциялық жоспарды іске асыру туралы есеп және салалық бағдарламаның мониторингі нәтижелерінің негізінде жүзеге асырылады.

Операциялық жоспарды әзірлеу, мониторинг жүргізу және оны іске асыру туралы есептілікті құру тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

103. Мониторинг мынадай кезеңділікпен жүзеге асырылады: мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары - тоқсан сайын; бағдарламалық құжаттар - жарты жылда бір рет;

Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспары, Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасы - жылына бір рет.

104. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыру мониторингін жүргізу үшін есептік ақпаратты беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

## **5. Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарын, Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтардың даму бағдарламаларын, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын іске асыруды бағалау тәртібі**

105. Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарын, Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын, бағдарламалық құжаттарды, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын іске асыруды бағалау - бұл мемлекеттік басқару тұрғысынан да және игілік алушылар тұрғысынан да осы құжаттарды іске асыру нәтижелері туралы объективті пікір қалыптастыру мақсатында т а л д а у жү р г і з у .

106. Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарын, Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын, бағдарламалық құжаттарды, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын іске асыруды бағалау Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыру нәтижелерін, есепті кезеңде нысаналы индикаторлар мен стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу деңгейін, статистикалық ақпараттарды, үкіметтік емес ұйымдардың, ғылыми институттардың, халықаралық сарапшылардың және тағы басқа бағалауын сипаттайтын мемлекеттік органдардың есептері негізінде жүргізіледі.

107. Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарын және Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын іске асыруды бағалауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

108. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыруды бағалауды әзірлеуші - мемлекеттік орган мен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүргізеді.

109. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму бағдарламаларын іске асыруды бағалауды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы мен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

110. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруды бағалауды ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) және облыстардың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы жүргізеді.

1 1 1 . М ы н а л а р д ы :

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының іске асырылуын бағалауды - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының іске асырылуын бағалауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның стратегиялық жоспарларының іске асырылуын бағалауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жүзеге асырады.

112. Бағалау мынадай кезеңділікпен жүргізіледі:

мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары - 2 жылда бір рет;

бағдарламалық құжаттар - 3 жылда бір рет;

Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспары және Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын - 5 жылда бір рет.

113. Бағалау жүргізу процесі мынадай:

нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерін таңдау дұрыстығын, оларды баяндаудың анықтылығы мен нақтылығын, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің осы құжаттарын іске асыру үшін қажетті ресурстарды жоспарлаудың дұрыстығын;

мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжатының дерегінде айқындалған нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу деңгейін;

алынған нәтижелердің осы стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда айқындалған бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар, міндеттер, нәтижелер көрсеткіштеріне сәйкестігін;

нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізе алмаудың себептерін;

қол жеткізілген нәтижелердің мемлекеттік қызметті алушылардың мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкестігін;

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің осы құжаттарын іске асырудың елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына әсерін;

материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын пайдалану тиімділігін талдаудан  
т ұ р а д ы .

114. Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжатын іске асыруды бағалаудың нәтижелері бойынша Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыруды бағалауды жүргізу жөніндегі уәкілетті орган қорытынды қалыптастырады.

115. Қорытынды шешімдер мен бағалаудың нәтижелеріне байланысты:  
мемлекеттік жоспарлау жүйесінің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын  
т ү з е т у т у р а л ы ;

Мемлекеттік органның қызметін жақсарту бойынша;  
қаржыландырудың көлемдері мен көздері бойынша;  
қолданыстағы заңнаманың өзгеруі туралы және басқа ұсынымдардан тұрады.

116. Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарын, Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтардың даму бағдарламаларын, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының іске асырылуын бақылау жүргізілген мониторинг нәтижелері мен олардың іске асырылуын бағалауды ескере отырып жүзеге асырылады.

117. Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, Елдің аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын, мемлекеттік бағдарламаларды, аумақтардың даму бағдарламаларын, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінде белгіленген уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

118. Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іске асырылуына бағалауды және бақылау жүргізу үшін есептік ақпаратты беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.